«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
КОМИТЕТІНІҢ АТЫРАУ ОБЛЫСЫ
БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «ДЕПАРТАМЕНТ
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА ПО АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

060011, Атырау қаласы, Б.Құлманов көшесі 148-а үй
тел.: 8 (7122) 31-90-44, 31-90-40

060011, город Атырау, улица Б.Кулманова, 148-а
тел.: 8 (7122) 31-90-44, 31-90-40

№ 08-Я-152/136
07.06.21 ж

«Гранд Азия» ЖК-нің
директоры А.Ш.Рахметке
Мекен-жайы: Ақтау қ. 29-32-22

Қазақстан Республикасы қаржы министірлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Атырау облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті (*бұдан әрі –Департамент*) Сіздің 2021 жылғы 18 мамырдағы №103743 шағымыңыз бойынша *(18.05.2021 жылы №ЖТ-Р-152 санмен тіркелген)* «Атырау облысы Су Арнасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнымен *(бұдан әрі - Ұйымдастырушы)* конкурс тәсілімен жарияланған №5729414-1 «*Белсендірілген көмірді мемлекеттік сатып алу*» мемлекеттік сатып алу бойынша төмендегіні хабарлайды:

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Ереженің *(әрі қарай - Қағида)* 154 тармағында *«Конкурстық комиссия әлеуетті өнім берушінің сатып алынатын тауарлар, көрсетілетін қызметтер нарығындағы болған жұмыс тәжірибесінің әрбір жылы үшін нөл бүтін оннан бес (0,5 %) пайыз, бірақ бес пайыздан аспайтын шартты жеңілдік береді.*

Сатып алынатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтер нарығында жұмыс тәжірибесінің болғаны үшін шартты бағаға пайыздық әсерді конкурстық құжаттамаға 6 және 7-қосымшаларға сәйкес жүзеге асырылады» делінген.

Сонымен қатар, Қағиданың 4 қосымшасына сәйкес бекітілген конкурстық құжаттаманың *(бұдан әрі - КҚ)* 7 қосымшасының *(біліктілігі туралы мәліметтер)* 6 тармағында *«Растау құжаттарының (болған жағдайда толтырылады) электрондық көшірмелерін қоса бере отырып, ағымдағы жылдың алдындағы соңғы он жыл ішінде* <u>*конкурста сатып алынатындарға ұқсас (сол сияқты) тауарларды жеткізу тәжірибесінің болуы туралы мәліметтер»*</u> көрсетіледі делінген.

Сондай-ақ, КҚ-ның 7 қосымшасының *(біліктілігі туралы мәліметтер)* ескертпесінің 2 тармағында *«Сатып алынатын тауарлар нарығында тауарларды қабылдап алу актілерінің және шот-фактураларды электрондық көшірмелері жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар болып табылады.* <u>*2017 жылғы 1 қаңтарға дейін сатып алынатын тауарлар нарығында жұмыс тәжірибесі бар болса, жукқұжаттар мен шот-*</u>

фактуралардың электрондық көшірмелері де жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар болып табылуы мүмкін» деп аталған.

Аталған конкурстың 17.05.2021 жылғы №5274284 қорытынды туралы хаттамасына сәйкес конкурстық комиссиямен жұмыс тәжірибесі үшін «Гранд Азия» ЖК-не – 2 пайыз шартты жеңілдік қолданылған.

Жоғарыда аталған заңнама талаптары негізінде, әлеуетті өнім беруші «Гранд Азия» ЖК-мен ұсынылған біліктілігі туралы мәліметтерін және растаушы құжаттарын зерделеумен жұмыс тәжірибесі үшін – 0 пайыз шартты жеңілдік қолданылуға жататындығы анықталды, яғни растаушы құжаттардың электрондық көшірмелері ұсынылмаған *(тауарларды қабылдап алу актілері)*.

«Групп ЛД» ЖШС-нің конкурстық өтінімі бойынша:

Ұйымдастырушымен КҚ-ның 2 қосымшасына сәйкес сатып алынатын тауардың техникалық ерекшелігі мемлекеттік сатып алу порталына орналастырылады.

Сондай-ақ, КҚ-ның 16 тармағының 2 тармақшасында конкурсқа қатысуға өтінім мыналарды: *«**конкурсқа қатысуға өтінім сатып алынатын тауарларға,** жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге ұлттық стандарттарды, ал олар болмаған жағдайда мемлекетаралық стандарттарды көрсете отырып **техникалық ерекшелікті қамтиды.** Бұл ретте ұлттық және мемлекетаралық стандарттар болмаған кезде, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары, оның ішінде **тауарлық белгілерін, қызмет көрсету белгілерін, фирмалық атауларын, патенттерін, пайдалы моделдерін, өндірістік үлгілерін, тауардың шығу жері мен өндірушінің атауын,** және басқа да сипаттамаларын көрсете отырып, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер үшін осы КҚ-ға 2-1, 2-2, 2-3-қосымшаларға, **тауарлар үшін осы КҚ-ға 3-қосымшаға сәйкес үлгі бойынша көрсетіледі.** Қажет болған жағдайда техникалық ерекшелікте нормативтік-техникалық құжаттама көрсетіледі»* деп атап көрсетілген.

Сонымен қатар, Қағиданың 150 тармағының 2 тармақшасында *«әлеуетті өнім беруші әлеуетті өнім берушінің конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтін техникалық ерекшелікті ұсынуы, сондай-ақ техникалық ерекшелікте талап етілетін құжаттарды ұсынбаса конкурсқа жіберілмейді»* деп атап көрсетілген.

Камералдық бақылаумен, «Групп ЛД» ЖШС-нің конкурстық өтінімі құрамында КҚ-ның 3-қосымшасына сәйкес ұсынылған сатып алынатын тауардың техникалық ерекшелігі конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келетіндігі анықталды.

Осы ретте, конкурстық комиссиямен «Групп ЛД» ЖШС-нің конкурстық өтінімі конкурсқа қатысу негізді жіберілген.

Камералдық бақылау жүргізу Қағидасының 21 тармағы негізінде, шағымыңызда мәлімделген дәлелдер шегінде қаралғанын хабарлаймыз.